

Н.Ә. Әбдіғали* , **С.Т. Набиев** 

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қ., Қазақстан
*e-mail: nurkenabdigali@mail.ru

ТЫҢ ИГЕРУ ЖЫЛДАРЫ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ХАЛЫҚТАРДЫҢ ТАРИХЫ: ПРОЦЕСІ МЕН САЛДАРЫ

Мақалада ХХ ғасырдағы Қазақстан тарихындағы осындай айтулы реформаның бірі – Тың және тыңайған жерлерді игеру жылдарындағы халықтардың Қазақстанға қоныс аударған халықтардың әл-ахуалы жайлы баяндалады. Тың және тыңайған жерлерді игеру жылдары Қазақстанға одақтас республикалардан түрлі сала қызметкерлерінен бастап басшылық қызмет атқаратын жетекші кадрларға дейін келді. Сондай-ақ, көші-қон үдерісі кезінде одақтас республикалардан өзге елдерден келушілер де құрады. Бұл көші-қон үдерісі территориялық тұрғыдан да, этникалық тұрғыдан да ауқымы кең болды. Қазақстанға Ресей, Украина, Белоруссия өзге де одақтас республика халықтары көшіп келді. Тың игеру хронологиясын қамтитын кезеңде халықтар қозғалысы сыртқы бағытқа да бағытталды. Мақалада Тың игеру жылдары басталған кезден бастап бүгінгі таңға дейінгі зерттеушілердің монографиялары, мақалалары және статистикалық жинақтар қолданылды. Сонымен қатар, тарихи-салыстырмалы әдісті қолдана отырып, аталмыш кезеңдегі халықтардың көші-қон үдерісі статистикалық деректермен салыстырыла қарастырылды.

Түйін сөздер: Қазақстан, демография; диаспора; көші-қон; Тың және тыңайған жерлерді игеру; статистика; халық санағы.

N. A. Abdigali*, S.T. Nabiev

L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan
*e-mail: nurkenabdigali@mail.ru

The history of peoples in Kazakhstan during the virgin lands: process and consequences

The article describes the situation of the peoples who migrated to Kazakhstan during the development of virgin and fallow lands, one of the largest reforms in the history of Kazakhstan of the twentieth century. Over the years of development of virgin and fallow lands, Kazakhstan has moved from various industries to the forefront in the Union republics. Also, during the migration process, there were visitors from other countries except the Union republics. This migration process was extensive both geographically and ethnically. The peoples of Russia, Ukraine, Belarus and other Union republics immigrated to Kazakhstan. During the period in which the virgin lands chronology entered, the movement of peoples was also directed in an external direction. The article uses monographs, articles, and statistical collections of researchers from the beginning of the Virgin Years to the present day. In addition, the migration process of the peoples of this period was compared with statistical data using the historical and comparative method.

Key words: Kazakhstan; population census; statistics; development of virgin and fallow lands; demography; diaspora; migration.

Н.А. Абдығали*, С.Т. Набиев

Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, г. Астана, Казахстан
*e-mail: nurkenabdigali@mail.ru

История народов в Казахстане в годы целины: процесс и последствия

В статье описывается демографическое воздействие народов, переселившихся в Казахстан в годы освоения целинных и залежных земель, одной из крупнейших реформ при советской власти. В ходе этого переселенческого процесса количество диаспор на казахских землях резко увеличилось, и казахский народ стал меньшинством. Особенно это проявилось в северных районах Казахстана, где застраивались целинные земли. За годы освоения целинных и залежных земель Казахстан вышел в союзных республиках из различных отраслей промышленности на передо-

освоения целинных и залежных земель, одной из крупнейших реформ в истории Казахстана XX века. За годы освоения целинных и залежных земель Казахстан вышел в союзных республиках из различных отраслей промышленности на передовые позиции. Также во время миграционного процесса были приезжие из других стран, кроме союзных республик. Этот миграционный процесс был обширным как территориально, так и этнически. В Казахстан иммигрировали народы России, Украины, Белоруссии и других союзных республик. В период, в который вошло летоисчисление целины, движение народов также было направлено во внешнее русло.

В статье использованы монографии, статьи и статистические сборники исследователей с начала Богородичных лет до наших дней. Кроме того, с помощью историко-сравнительного метода миграционный процесс народов этого периода сопоставлялся со статистическими данными.

Ключевые слова: Казахстан; перепись населения; статистика; освоение целинных и залежных земель; демография; диаспора; миграция.

Кіріспе

Көші-қон үдерістеріне шынайы талдау жасалмайынша қазіргі таңдағы Қазақстандағы түрлі диаспора өкілдерінің қалыптасу тарихын қалпына келтіру мүмкін емес. Бүгінгі таңда қазақ жерін 100-ден астам ұлт пен диаспора өкілдері өздерінің атамекені санайды. Бұл жерге аталмыш этностардың кейбірі ежелден мекендесе, өзгесі Кеңес үкіметі тарапынан жүргізілген экономикалық реформалар мен халықтарды күштеп қоныс аудару кезінде жер аударылып, тұрақтап қалған. Кеңес Одағы кезінде мұндай реформалар көптеп жүзеге асырылды. Мұндай кешенді түрде жүргізілген реформалар қазақ даласын да қамтыды. Нақтырақ айтқанда, XX ғасырдағы Қазақстан тарихындағы осындай айтулы реформаның бірі – Тың және тыңайған жерлерді игеру. Қазақ халқының әлеуметтік-экономикалық және демографиялық өмірінде елеулі із қалдырған аталмыш аграрлық бастама Қазақстан аумағын көп ұлтты халықтардың диірменіне айналдырды. Әрине, кеңестік кезеңдегі партияның бастамасымен жүзеге асырылған осындай ірі көлемдегі реформаның нәтижесінде туындайтын келеңсіздіктер мен зардаптарын әкімшіл-әміршіл жүйе ескеріп жатпады.

Тың және тыңайған жерлерді игеру реформасы жүзеге асырылатын аймақтарға үлкен көші-қон толқындарын туғызды. Бұл жерде партияның, үкіметтің үндеулері мен белгілі мамандардың, өнер майталмандарының, зиялы қауымның қатысуымен жүргізілген қуатты үгіт-насихат жұмыстары маңызды рөл атқарды. Далаға көшудің басты себебі соғыстан кейінгі жасампаздық пафосымен, ел басшылығының беделімен және шын мәнінде жақсы болашаққа деген шынайы сеніммен байланысты өзіндік эмоционалды серпін болды. Аса маңызды мемлекеттік міндетті орындауға, жүзеге асырылуы Отанның қуатын одан әрі нығайтып, бүкіл ха-

лықтың әл-ауқатын айтарлықтай жақсартуға мүмкіндік беретін ауқымды ауыл шаруашылығы жобасының ауқымы мен маңызына өз үлесін қосуға деген ұмтылыс болды. Мұның бәрі адамдарды «кең кеңістікке» итермеледі.

Материалдар мен әдістер

Мақаланың әдістемелік негізі тарихи үрдістердің диалектикалық тұрғыдан түсіну болып саналады. Зерттеудің негізгі тәсілдерінің бірі ретінде тарихи индукция, яғни тарихи сананы нақты фактілер арқылы бөліп қарастыру, жеке-кейден жалпы көпшілікке, нақтылықтан жалпылыққа тәсілін, сонымен қатар себеп-салдарлы саралау, сипаттамалы-салыстырмалы тәсілдер қолданылды. Зерттеу әдісі ретінде сандық көрсеткіштер жиі қолданылды, өйткені сандық саралау этностардың нақты санын анықтаудың ең негізгі тетігі болып табылады. Сонымен қатар, зерттеу барысында жүйелілік әдіске де басымдық берілді. Өйткені, аталмыш әдіс тақырыпқа қатысты мәселелерді топтастыра қарауға, оларды бір-бірімен байланыстырып тұрған концептілерді бағамдауға мүмкіндік береді. Бұдан өзге тарих ғылымында жиі қолданылатын салыстырмалы әдіс мәселенің негіздемесін жіті түсінуге, тарихи оқиғалардың нақты себептерін анықтауға, қарастырылып отырған тақырыптың ауқымын бағамдауға, бұрын-соңды тарихи зерттеулерден тыс қалған сұрақтардың туындауына ықпал етеді.

Зерттеулер мен тарихнамалық талдау

Бүгінгі таңға дейін Қазақстандағы Тың және тыңайған жерлерді игеру жылдары, оның пайдасы мен зардаптары жөнінде біршама монографиялар мен ғылыми мақалалар жарияланды. Оның ішінде аталмыш кезеңнің Қазақстандағы демографиялық ахуалға әсері жөнінде де еңбек-

тер баршылық. Кеңестік кезеңдегі зерттеулер негізінен Тың игерудің зиянды тұстарын ашық айыптаған шетелдік ғалымдардың еңбектерін сынға алу, оларды тарихты бұрмалаушылар ретінде айыптайтын еңбектер жарық көрді. Бұл зерттеулерде шетелдік зерттеушілердің «тың игерудің нәтижесі көңіл көншітеріліктей болған жоқ», «Қазақстанға түрлі ұлт өкілдерінің көптеп келіп, қазақтардың ұлттық бейнесі өзгерді», «кеңестік миграция патшалық кезеңде жүргізілген қоныс аудару саясатының жалғасы» деген сыни пікірлерін жоққа шығаруға тырысты (Турсунбаев, 1960: 13, Дахшлейгер, Турсунбаев, Шафири, 1959:20-26, Муканова, 1986: 161). Бұдан өзге Ф.К. Михайлов (Михайлов 1962: 3-14) А.М. Султанов (Султанов, 1959: 3-18) және М.С. Фазылов (Фазылов, 1965: 333) сынды авторлардың еңбектерінде Кеңес Одағы көлеміндегі халықтардың Тыңды игеруге белсене араласуы, олардың еңбектегі ерліктері, халықтардың достығы барынша дәріптеле қарастырылды. Демограф-ғалым М.Б. Тәтімов өзінің ғылыми зерттеуінде одақ көлемінде жүргізілген санақ нәтижелерін жан-жақты талдап, тың игеру кезіндегі халықтың санының құрамындағы, этникалық құрамындағы, жастық-жыныстық құрамындағы өзгерістерді қарастырады (Тәтімов, 1975: 104). Кеңестік кезеңдегі ғылыми және ғылыми-көпшілік еңбектердің дені тың және тыңайған жерлерді игерудің экономикалық-шаруашылық, әлеуметтік-мәдени қырларын кеңінен қарастырып, оның жалпы ұлттық құрамына, демографияға тигізген теріс әсері айтылмайды немесе үстін ғана шолып өтеді. Яғни, бұл кезеңдегі зерттеушілердің еңбектерінде тың игеруге келгендердің саны мен қай жақтан келгендігі ғана аздап болса қарастырылған.

1991 жылдан кейін ғана Тың игеру жылдарының зардаптары, демографияға әсері объективті түрде зерттеле бастады. Атап айтқанда, М.Х. Асылбеков пен А.И. Құдайбергенованың «Қазақстан халқының әлеуметтік-демографиялық жағдайы (1939-1959 жж.) атты монографиялық еңбегінде тың игеру жылдарындағы этнодемографиялық процестер, халықтың жастық-жыныстық, ұлттық және әлеуметтік құрамындағы өзгерістер толық қамтылған (Асылбеков, 2005:160). Кеңес дәуіріндегі республика халқының саны мен құрамындағы өзгерістерге ықпал ететін негізгі фактор – көші-қон А.И. Құдайбергенованың докторлық диссертациясында тәуелсіздік алғаннан кейін қалыптасқан қазақстандық тарих ғылымының тұжырымдамалық ұстанымы тұрғысынан ашылған

жаңа көзқарастарға сай зерттелді (Құдайбергенова, 2010: 331). Аталмыш еңбекте тың игеру жылдарындағы көші-қон үдерістері мен оның этнодемографиялық салдарлары тарихи себеп-салдар және сабақтастық тұрғысынан өзіндік ерекшеліктері талданды. Тың және тыңайған жерлерді игеру жылдары біршама кеңестік және тәуелсіздік жылдарындағы тарихнамада зерттеу жұмыстары жүргізілгенімен аталмыш кезеңдегі демографиялық әсері, елімізге қоныстанған этностардың мәселелері әлі тиянақты зерттелмеген.

Талқылау

Кеңес Одағы тұсында Қазақстан қазба байлығы мол және территориясының үлкен аумақты алып жатқандықтан стратегиялық тұрғыда маңызды орынды иеленді. Ауыл шаруашылығы тығырыққа тірелген ауыл шаруашылығы саласын күтқару үшін реформа жүргізу үшін Қазақстан таңдап алынды. Қаншама даланың өлкелері бос жатқан жерлер жыртылып, егін шаруашылығын дамыту көзделді. Мұндай ауқымды реформаны жүзеге асыру, ең алдымен қыруар қаржы, сансыз техникадан өзге орасан зор еңбек күшін талап ететін. Партияның бастамасы мүлтіксіз орындалуы тиіс мұндай кезеңде комсомол жастар реформаны іліп алып кетті. Басталған жылы-ақ қаншама жастар Қазақстанның солтүстігіне лек-легімен ағылып жатты.

Қазақ даласындағы Тың өлкесін игеру жұмыстары негізінен КСРО құрамындағы өзге одақтас елдерден жұмыс күшін тарту арқылы жүзеге асты деуге болады. Нақтырақ айтқанда, РКФСР, Украина, Молдавия, Белорусия және т.б. елдердің азаматтары еді (Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін), 2010: 575).

Аталмыш үндеуді ең бірінші кезекте Кеңес Одағы көлеміндегі жастар қызу қолдады. Алғаш болып 1954 ж. 28 ақпанында Қостанайға Украинадан жас патриоттардың тобы келді. Киев облысындағы Макаров МТС-нің трактор бригадасының бригадирі Л.Дектяренко мен механик Рудской бастап келген бұл топ Жаркөл МТС-не жіберілді. 1954 ж. наурыз айында-ақ Қазақстанның тың өлкесіне Ресей, Украина және өзге де одақтас мемлекеттерден 14240 жастар келді (Қазақ ССР тарихы (көне заманнан бүгінге дейін), 1984: 282-283).

1954 ж. Украинадан 259 отбасы (1046 адам) Ақтөбе облысына қоныс аударды. Жалпы 1954 ж. II жартысынан 1955 ж. I сәуіріне дейін Ақтөбе облысы бойынша колхоздарға құрамын-

да 3868 адамы бар 1003 отбасы орналасып, олардың 2209-ы еңбекке қабілетті болды. Ал, 1955 ж. 5 сәуірінде Украинаның Харьков пен Тернополь облыстарынан 583 отбасы келді. Аталмыш отбасының адам саны 2184-ті құраса, оның ішінде 1321 адам еңбекке қабілетті еді. Бұл отбасылар Ақтөбе облысындағы аудандардың колхоздарына төмендегідей тәртіппен орналастырылды: Темір ауданы – 115 отбасы, Қобда ауданы – 93 отбасы, Мәртөк ауданы – 92 отбасы, Степной ауданы – 82 отбасы, Ключевой ауданы – 75 отбасы, Новоресей ауданы – 44 отбасы, Жұрын ауданы – 41 отбасы, Родинков – 41 отбасы (Нұрбаева, 2011: 140).

Коммунистік партия өкілдері де аталмыш реформадан сырт қалған жоқ. 1954 ж. 27 ақпанында Украинадан комсомолдардың бір тобы Қостанай облысына келді. Кейіннен наурыз айында Мәскеу мен Украинадан тағы да 4000-нан астам еріктілердің тобы келіп, жалпы қоныстанушылар 6691 адамды құрады. Аталмыш қоныстанушылардың 93,8 %-ы Украинадан, 3,6%-ы Белорусиядан, 0,6 %-ы Татарстаннан және қалған 2%-ы Қазақстанның өңірлерінен келгендер құрады. Қостанай облысына тың игерудің алғашқы үш жылында келгендердің саны 150 мыңнан асты. Олардың дені РКФСР, Украина, Белорусия, Литва, Армения және Орта Азияның елдерінен келді.

Тың және тыңайған жерлерді игеруге совхоздарға баруға ниет білдіргендердің арасынан КСРО Совхоздар министрлігі жер-жердегі партия және комсомол ұйымдарымен бірлесіп механизаторларды іріктеу жұмыстары жүргізілді. 1954 ж. 25 наурызындағы мәлімет бойынша Қазақ ССР совхоздарына 12 855 адам, оның ішінде 4090 тракторшылар жіберілді (Великий подвиг партии и народа массовое освоение целинных и залежных земель, 1979: 104)

Ақмола облысындағы егінді жинауға көмекке 1954 ж. 10 қыркүйегінде Украинадан және Ростов облысынан 1200 жоғары дәрежелі комбайншылар келді. Жергілікті халықпен және тұрмыс-тіршілікпен жіті танысқаннан кейін көмекке келгендер комбайншылардың дені өз еріктерімен қалып қойды (Великий подвиг партии и народа массовое освоение целинных и залежных земель, 1979: 153-155).

1954 ж. наурыз айында Қазақстанға Ресей, Украина, Белорусия және өзге де одақтас елдерден 14200 комсомол жастар келді. Бұл жастардың құрамында тракторшы, комбайншы, шофер, слесарь, токарь, механик, бригадир сынды т.б. мамандар болды. Аталмыш жолдамамен келген

жастардың 2,4 мыңы Алматыға, 9,5 мыңнан астамы тың игеріліп жатқан аймақтарға жіберілді. Қазақстан совхоздарына партияның шақыруымен келген 48901 адамның 14440-ы механизаторлар болды. Осы кезле тың өлкесіне колхозшылар, қарапайым жұмысшылар, кәсіпорынның қызметкерлері т.б. Белорусиядан, Украинадан және т.б. одақтас елдерден көші-қон толқыны келді. 1954-1955 жылдары жалпы келген 20 мың отбасының дені совхоздар мен колхоздарға орналасқан. Мысалы, 1954 ж. Ақмола облысына 214 отбасы, Павлодарға 1904 отбасы келген (Михаилов, Шамшатов, 1964: 80-82).

Қазақ ССР Министрлер Кеңесінің 1954 ж. желтоқсанда қабылданған №915 қаулысына сәйкес, Белорусиядан 1000 отбасы, Украинадан 2000 отбасы келеді деп күтілген еді. Бірақ, шын мәнінде Белорусиядан 1100 отбасы және Украинадан 1790 отбасы қоныс аударса, ішкі көші-қон нәтижесінде 455 отбасы келеді. Бұдан өзге Министрлер Кеңесінің 1955 жылғы 3 наурыздағы №126 қаулысымен өзге республикалардан 379 отбасы әкелінді (ҚРОММ. 1987-қ., 1-т., 53-іс, 78-п.). Демек, аталмыш көші-қон үдерісіне тартылғандар тың игеру мақсатында болғанымен түбінде орыстандыру саясаты жатты.

Көші-қон үдерісінен еріктілер де тыс қалмаған. 1955 ж. соңына дейін өз еркімен келген жас жігіттер мен қыздардың саны 75700-ді құраған. Ал, Қазақстанның үкіметі тың өлкесіне 7 мыңдай адамды жіберген (Михаилов, Шамшатов, 1964: 82).

Көкшетау облысына аграрлық реформаның алғашқы екі жарым жылында 120 мың еріктілер келді. Бұлардың негізін Мәскеудің машинақұрылыс саласындағылар, Украинадан металлургия, Донбасстан шахтерлар мен КСРО-ның өзге өңірлерінен келген еріктілер және 34 мың комсомолдар құрады. Осы кезеңде Ақмола облысына келген еріктілердің дені Ресейдің Мәскеу, Ленинград қалаларынан және Украина, Белорусия, Эстония сынды елдерден болды. Олардың жалпы саны 150 мың болды (История рабочего класса Советского Казахстана, 1987: 431). Бұл көрсеткіштер 1950 жылдардың ортасындағы көші-қон толқыны кезінде негізінен КСРО-ның еуропалық бөлігінен келушілер еді.

Тың және тыңайған жерлерді игерушілердің негізгі тобы 1954-1956 жылдардағы реформаның алғашқы кезеңінде келді. Осыған байланысты 1955-1956 жылдары Ақтөбе облысына қоныстанушылардың саны күрт өсті. Атап айтқанда, 1955 ж. 1 желтоқсанға дейін облыс көлеміндегі колхоздар жалпы саны 7818 адамды

құрайтын 1937 отбасыны қабылдап алған. Бұлардың ішінде 4654 адам еңбекке қабілеттілердің қатарына жатты. Аталмыш қоныстанушылардың 583 отбасысы Украинадан келгендер еді. Облыс бойынша Степной (413 отбасы) мен Мәртөк (327 отбасы) аудандары тың игеруге келгендердің ең көп бөлігін қабылдады (Нұрбаева, 2011: 141).

1955 ж. 1 қыркүйектегі мағлұмат бойынша Ақмола облысына арнайы қоныстанғандардың жалпы саны – 68409 адамды құраған. Олардың ішінде 20854-і шешен-ингуш ұлттары болса, ал өзгелері – 7047 адам екендігі нақтыланған. Өз кезегінде коммунистік партия тарапынан арнайы қоныстанушылар өте қатты қадағаланған.

Тың игеру ретінде қарастырылған тағы бір өңір болып табылатын Қостанай облысында 1955 ж. 6 қыркүйегіндегі нақты мәлімет бойынша 44072 қоныстанушы тіркелген. Оның ішінде 15700-і Солтүстік Кавказдықтар еді. Дәл осы жылы Оңтүстік Қазақстан облысына 62632 қоныстанушы келген.

Тың игеруге келушілер туралы кейбір құнды мәліметтерді Орталық Комитетке жолданған ресми және түсініктеме хаттардан да алуға болады. Мысалы, 1955 ж. Солтүстік Қазақстан облысындағы «Көшіру-қоныстандыру бөлімінің» бастығы болып табылатын Х.Бейсембаев тарапынан КОКП Орталық Комитеті жанындағы Көшіру – қоныстандыру Комитетінің басшысы А.Н.Қойшығұловтың атына жолданған түсініктеме хатта облыс көлемінде ішкі көші-қон бойынша 312 отбасы келсе, ал одақтас елдерден – Белорусиядан 1180 отбасы, Украинадан 89 отбасы әкелінгені баяндалған (ҚРОММ. 1987-к., 1-т, 53-іс, 118-п.) Бұл түсініктеме хатта көрсетілген қоныстанушылар Тың игеруге және соғыстан кейінгі кездегі республикадағы ауыл шаруашылығы саласын қалпына келтіруге байланысты көшіп келгендер еді.

«Тыңға көмек» – деген желеумен Қазақстан КОКП Орталық Комитетінің, одақтық министрліктердің аппараттарынан РКФСР-дан, Украинадан, Белорусиядан және т.б. республикалардан қазақ халқының тарихынан, әдет-ғұрып, салт-дәстүрінен хабары жоқ әкімшіл-әміршіл аппараттың рухында ұзақ жылдар бойы «сталиндік» бағытта тәрбиеленген жетекші мамандар жіберілді. Тың және тыңайған жерлерді игерудің алғашқы жылдарының өзінде-ақ олардың жалпы саны 25 мыңды құрады. Олар жергілікті кадрларды басшылық қызметтерден ығыстырды, яғни ашық түрде шеттетті деуге болады. Солтүстік өңірлерге жаңадан келгендерден 176

адам жауапты қызметкер, яғни, аудандық және облыстық партия комитеттерінің және республиканың Орталық партия комитетінің жетекші қызметтеріне және министрлік қызметіне тағайындалды (Омарбеков, 2003: 435).

1958 ж. басқа жерден келгендер облыстар бойынша былайша орналасқан: Алматы – 500 отбасы, Ақмола – 1650, Ақтөбе – 1200, Шығыс Қазақстан – 1000, Атырау – 400, Жамбыл – 1400, Батыс Қазақстан – 900, Қарағанды – 1050, Қызылорда – 200, Көкшетау – 750, Қостанай – 230, Павлодар – 1050, Солтүстік Қазақстан – 1600, Семей – 900, Талдықорған – 300, Оңтүстік Қазақстан – 3500 отбасы әкелінді, барлығы – 18700 отбасы болды. Көшіру-қоныстандыру бөлімінің деректері бойынша 1959-ж. 1-мамыр күніне дейін Қазақстанның облыстарына Украинадан, Белорусиядан, Молдавиядан, Литвадан, сондай-ақ, Қазақстанның өз ішінен барлығы 13716 отбасы көшіріліп келген (Еңсенев, 2007: 23-24).

Қазақстандағы халық санындағы ұлттардың саны 1959 ж. Бүкілхалықтық санақ бойынша төмендегідей сандық көрсеткішті көрсетті: украиндар – 163131, беларустар – 107463, кәрістер – 74019, поляктар – 53102, әзірбайжандар – 38562, мордвалар – 14844, армяндар – 9204, күрдтер – 6109, грузиндер – 3467, дағыстандықтар – 3254, қытайлар – 3158 және т.б. Аталмыш ұлттардың қазақ жерінде көбею үдерісі Кеңес өкіметінің жүргізген саясатының «жемісі» еді. Осындай саясаттың нәтижесінде Қазақстандағы демографиялық ахуал бойынша ұлттар арасындағы үлестегі айырмашылықтар жоғары болды (Еңсенев, 2007: 24).

Тың игерушілердің қатарын толықтырушылардың легі кейінгі жылдары да өз жалғасын тапқан. 1959 ж. Украинадан 974 отбасы Ақтөбе облысына көшіп келеді. Ал 1960 ж. дәл осы облысқа Украинадан 1170 отбасы және өзге облыстардан 288 отбасы келіп қоныстанады. Сондай-ақ, аталмыш Ақтөбе облысына әскер қатарынан босатылғандардан 3074 адам келеді. 1963 ж. 1 шілдесіндегі мәлімет бойынша Батыс Қазақстандағы колхоздар бойынша көшіп келген отбасылардың саны бұрынғы келгендермен қосып қарастырғанда 551-ге жетеді. Облыстар бойынша сол жылы Ақтөбеге 165, Батыс Қазақстанға 259, Гурьевке 15 отбасы орналасады. Сонымен бірге аймақтың совхоздарындағы отбасылар саны бұрынғы келгендермен қосқанда 1 225-ге жетеді. Украина КСР-нан келген отбасы саны 1 058 болды. Ақтөбе облысына 377, Батыс Қазақстанға 963, Гурьевке 38 отбасы орналасады (Аман, 2009: 16).

1956-1957 жылдары Украина, Латвия, Литва, Молдава, Эстония елдерінің Жоғары Кеңесі комиссиялар құрып, жазықсыз қоныс аударған отандастарын қайтару жұмыстарын жүргізді. Нәтижесінде 1948-1952 жылдары қуғын көрген латыш, литвалық, эстон, мордвалардың құқықтары қалпына келтіріліп, олар өз отандарына қайтуға мүмкіндік алды. 1957 ж. Литва Жоғары Кеңесі Төралқасы тарапынан қабылданған қаулы негізінде 18899 қоныс аударушының айыптары алынды. Сонымен бірге, Латвияның басшылығы да дәл осындай шешім қабылдап 6122 отандастарының бұрынғы «арнайы қоныс аударушы» деген айыптаулардан босатты. Айыптан босатылғандар өз кезегінде Қазақстаннан өз атамекендеріне қайта көшуге мүмкіндік алды. Осылай 1950 жылдардың ортасынан бастап жазықсыз жапа шеккен ұлттардың өмірінде өзгеріс басталды (Қожаханова, 2000: 15).

Реформа барысында көші-қон үдерісі тек қана одақтас республикалармен шектелмеді. 1954 ж. 16 сәуірдегі КСРО Министрлер Кеңесінің №751-329 сс бұйрығы негізінде Қытайдан маусым-тамыз айларында «кеңес азаматтарын» тың игеруге көшіру туралы қаулысы қабылданды. Осы қаулының нәтижесінде 1954-1955 жылдары Қытайдан Қазақстанға 11945 отбасы, яғни 65564 адам көшіріліп әкелінді. Қытайдан келушілердің 8432 отбасысы совхоздарға және 3513 отбасысы колхоздарға орналастырылды. Атап айтқанда, республиканың Жамбыл, Қарағанды, Ақмола, Көкшетау, Павлодар, Қостанай, Семей және Талдықорған облыстарына орналастырылып, баспанамен, жұмыспен қамтамасыз етілді.

Нәтижесі

Тың және тыңайған жерлерді игеру жылдарындағы көші-қонның әлеуметтік-экономикалық маңызымен қатар, оның демографиялық салдарының болғанын да атап өту қажет. Аталмыш кезеңдегі көші-қон үдерісі республика бойынша халықтың ұлттық құрамына терең өзгеріс енгізді, басқа ұлттардың үлес салмағын арттырды. Мәселен, жаппай тың игерудің бірінші кезеңінде (1954-1955 жж.) Қазақстанға 640 мыңнан астам адам келген, бұл тың өлкесінде өмір сүріп жатырған барлық ауыл халқының 45,3%-ын құрайтын еді. 1954 жылдан 1962 жылдың ортасына дейін Қазақстанға 119514 отбасы жолданған. Сөйтіп, 10 жылдан аса уақыт ішінде (1953-1966 жж.) республиканың ауыл халқы 2 млн. адамға немесе 1,5 есеге өскен (История Казахстана: народы и культуры, 2001: 393-394).

1959 ж. халық санағын 1939 жылғы санақпен салыстыра қарағанда тың игеру кезіндегі көші-қон ағымы халықтардың республика бойынша орналасу географиясына ешқандай өзгеріс әкелген жоқ. Қазақ халқы өзінің ауылдық жердегі орналасу үлесін толық сақтап қалды. Украиндардың аймақтардағы орналасу жүйесінде ғана аздаған өзгеріс болды. Солтүстік пен Орталық Қазақстандағы қазақтардың үлесінде үлкен өзгеріс болып, тың игеруге дейінгі уақытта көпшілікті құрағанымен, тың игеруден кейін аз ұлтқа айналып, орыс тілді ортаға сіңіп кетті. Бұл жағдай көп жылдар бойы сақталып қалды (Асылбеков, 2005: 36).

1-кесте – Бүкілхалықтық санақ бойынша халық санының көрсеткіштері

1939 ж.							
қазақтар		Орыстар		украиндар		белорустар	
саны	%	саны	%	саны	%	саны	%
2327652	37,8	2458687	40,0	658319	10,7	31614	0,5
1959 ж.							
қазақтар		Орыстар		украиндар		белорустар	
саны	%	саны	%	саны	%	саны	%
2787309	30,0	3972042	42,7	761432	8,2	107348	1,1
1970 ж.							
қазақтар		Орыстар		украиндар		белорустар	
саны	%	саны	%	саны	%	саны	%
4234166	32,5	5521917	42,4	933461	7,2	198275	1,5

Қазақстан халқының ұлттық құрамындағы өзгерістерді 1939, 1959 және 1970 жылдары жүргізілген халық санағы нәтижелерін салыстыру арқылы көруге болады¹. Берілген кестеде қазақтар мен тың игеру жылдары келгендердің көпшілігін құраған орыстар, украиндар, белорустар салыстырылды. 1939 жылғы халық санағында қазақтар 2327652 адамды құрап, жалпы халықтың 37,8 пайызын құраса, 1959 жылғы санақ бойынша 2787309 адамға өскенімен, республика көлемінде бар-жоғы халықтың 30 пайызын ғана құрады. Ал, 1970 жылғы санақ бойынша қазақ халқының саны өсіп, 4234166 адамды көрсеткенімен, республика бойынша халық санының 32,5 пайызға өсті. 1939 жылғы санақта 2458687 адам санымен Қазақстан бойынша халықтың 40 пайызын құраған орыстар 1959 жылғы санақтың 3972042-ға көбейіп халықтың 42,7 пайызын құрады. Бұл көрсеткіш негізінен Тың және тыңайған жерлердің игерудің кезінде келген жандардың есебінен өскендігін көрсетеді. Еліміздегі орыс халқының саны 1970 жылғы санақ бойынша 5521917 адамға өсіп, 42,4 пайызды құрап өзінің орнын сақтап қалды. Тың игеру кезінде көп келген ұлттардың бірі украиндар 1939 жылғы санақ бойынша 658319 адам болып, еліміздегі бүкіл халықтың 10,7 пайызын құраған екен. 1959 жылғы санақ бойынша украиндар 761432 адамға, 1970 жылы 933461 адамға өскен. Бірақ, кейінгі санақтар бойынша украиндардың саны өскенімен, пайыздық көрсеткіші төмендеп, 1959 жылы 8,2 пайызды, 1970 жылы 7,2 пайызды құраған. Жалпы белорустар Тың игеруге дейін елімізде саны аз болған. Олардың саны 1939 жылғы санақ бойынша 31614 адамдық көрсеткішпен республика бойынша халықтың бар жоғы 0,5 пайыз болған. Тың игеру жылдары келген белорустардың есебіне 1959 жылғы санақ бойынша олардың саны 107348 адамға өсіп, пайыздық көрсеткіші 1,1 пайызды көрсеткен. Ал, 1970 жылғы санақ бойынша олардың саны 198275 адамды құрап, пайыздық мөлшері 0,4-ке өсіп, 1,5 пайызды құраған (**кесте1**).

Қазақстан үшін тың игерудің он және теріс жақтары да зор маңызға ие. XX ғасырдың 50-80 жылдары жарық көрген ғылыми еңбектер мен басылымдарда тың игерудің қиғаш, жаңсақ түс-

тары айтылмай қалды. Тың игеру жалпыхалықтық әрі дайындықсыз болған шала-пұшық шара ретінде осы өңірге өз ісінің мамандарын тартып қана қоймай, басқа дәмемен келген көптеген кездейсоқ адамдарды да алып келді. Мысалы, зерттеушілердің пікірі бойынша Солтүстік Қазақстанға алғашқы 2 жылдың ішінде келген 650 мың адамның тың игеруге қажеттісі тек 130 000 ғана адам болды. Осының салдарынан тың игеруші бірқатар облыстарда түрлі тәртіпсіздіктерге жол беріліп, мемлекет қаржысы талан-таражға түсті.

Қорытынды

Қазақстан тарихының кеңестік кезеңіндегі депортация, тың игеру саясаттары аз ұлттардың, нақтырақ айтқанда, қазақ халқының этникалық, ұлттық құрамына ұзақ жылдар бойы орны толмас түйінді мәселелер тауып берді. Ашаршылық, геноцид, Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарындағы халық санының күрт азайып кеткен қазақ халқының республика бойынша үлесін, ең алдымен депортация, кейіннен Тың игеру саясаты күрт азайтып жіберді. Қазақстанның әуелгі тарихи қалыптасқан этнодемографиялық жағдайы алдымен отарлық күшпен бағындырудың әсерінен, кейінірек, республикамызды әр түрлі ұлттардың миграциялық «полигонына» айналдырған кеңестік кезеңнің саясатының нәтижесінде қатты өзгеріске ұшырады. Экономикалық мәселені шешуге арналған «тың игеру» науқаны көптеген халықтардың тағдырына залалын тигізді. Сонымен қатар, реформаны сылтау етіп колхоздар мен совхоздардағы қарапайым шаруалардан бастап тың игеру үдерісі жүріп жатқан облыстардың басшылық қызметкерлеріне дейін одақтас республикалардан алып келді. Бұл қазақ өлкесін орыстандыру саясаты айқын және нақты жүргізілгендігінің дәлелі еді.

Ескерту

Қалыптасқан тәртіп бойынша бүкілхалықтық санақ әр 10 жыл сайын ұйымдастырылады. 1949 ж. Ұлы Отан соғысынан кейінгі қиын кезең болғандықтан жүргізілген жоқ.

Әдебиеттер

- Асылбеков М.Х., Құдайбергенова А.И. (2005) Қазақстан халқының әлеуметтік-демографиялық жағдайы (1939-1959 жж.). – Алматы: 160 б.
- Аман Ә.Б. (2009) Батыс Қазақстанның ауыл халқы: тарихи-демографиялық аспект (XX ғасырдың 20-80 жылдары). Тар. ғыл. канд. ғылыми дәрежесін алу үшін дайындаған диссертацияның авторферетаты. – Орал: 31 б.
- Султанов А.М.(1959) Из истории участия советской молодежи в освоении целинных и залежных земель (1954-1956 гг.) // История СССР. – №6. – 1959. 3-18 с.
- Великий подвиг партии и народа массовое освоение целинных и залежных земель. Сборник документов и материалов (1979) – М.: Наука: 441 б.
- Дахшлейгер Г.Ф., Турсунбаев А., Шафиро Ш. (1959) Правда об освоении целины и вымыслы буржуазных фальсификаторов Партийная жизнь Казахстана. – №12. –20-26 с.
- Еңсенев Қ.А. (2007)Қазақстандағы көші-қон процестері және оның зерттелуі (1926-1959 жылдар). Тар. ғыл. канд. ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторфераты. – Алматы, 2007. – 30 б.
- История Казахстана: народы и культуры (2001) Алматы: 608 с.
- История рабочего класса Советского Казахстана (1987) Т. I. – Алматы: Наука. 431 с.
- Қазақ ССР тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). (1984) Бес томдық. V том. – Алматы: Қазақ ССР-інің «Ғылым» баспасы.– 728 б.
- Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін) (2010) Бес томдық. 4-том. – Алматы: Атамұра. 752 б.
- Қожаханова Қ.К. (2000) Депортация: жер аударылған халықтардың құқықтық жағдайы Вопросы Отечественной истории. Сбор. Моладых ученых и аспирантов. – Алматы: 13-18 б.
- ҚРОММ. 1987-қ., 1-т, 53-іс, 118-п.
- ҚРОММ. 1987-қ., 1-т, 53-іс, 78-п.
- Құдайбергенова А.И. (2010) «Кеңес дәуіріндегі Қазақстандағы көші-қон үдерістері: тарихи-демографиялық аспект (1917-1991 жж.):» тарих ғыл. докт. диссертациясы. – Алматы, 2010. – 331 б.
- Михайлов Ф.К., Шамшатов И.Ш. (1964) Народное движение за освобождение целинных земель в Казахстане (1953-1960 гг.). – Алма-Ата: 360 с.
- Михайлов Ф.К. (1962) Братское сотрудничество и взаимопомощь советских народов в освоении целинных земель Известия АН КазССР, Сер. истор. археол. и этногр. Вып.2. С. 3-14.
- Муканова Р.З. (1986) Критика англо-американских буржуазных фальсификаторов по освоению целинных и залежных земель Казахстана (1954-75 гг.). Дисс... к.и.н. – Алма-Ата.161 с.
- Нұрбаева Д.З. (2011) Ақтөбе облысына тың игерушілердің келуі және оларды орналастыру шаралары АқМУ Хабаршысы, тарих ғылымдары сериясы. –№1 (46).
- Омарбеков Т. (2003) Қазақ тарихының XX ғасырдағы өзекті мәселелері. Көмекші оқу құралы. – Алматы: Өнер. 552 б.
- Тәтімов М.Б. (1975) Демография – халықтану. Халықтардың саны мен құрамын зерттеу. – Алматы: Қазақстан, 1975. – 104 б.
- Турсунбаев А. (1960) Колхозное крестьянство Казахстана. – Алма-Ата
- Фазылов М.С. (1965) Освоение целины в Казахстане и его роль в укреплении дружбы народов (1954-64 гг.). Дисс. к.и.н. – Алма-Ата 333 с.

References

- Asylbekov M.H., Qudaibergenova A.I. (2005) Qazaqstan halqynyń áleymettik-demografıalyq jaǵday [Socio-demographic situation of the population of] (1939-1959 jj.). – Almaty: 160 b.
- Aman Á.B. (2009) Batys Qazaqtannıń aýyl haly: tarihi-demografıalyq aspekt [Rural population of western Kazakhstan: historical and demographic aspect] (XX ǵasyrdyń 20-80 jyldary). Tar. ǵyl. kand. ǵylymı dárejecin alý úshin daryndaǵan dıccertatsıanıń avtorferatı. – Oral: 31 b.
- Cultanov A.M.(1959) Iz ıctorıı uchartıja covetckoj molodezhi v ocvoenii celınyh i zaleznyh zemel' [From the history of the participation of Soviet youth in the development of virgin and fallow lands] (1954-1956 gg.) // Ictorıja CCCR. – №6. – 1959. 3-18 s.
- Velikij podvig partii i naroda massovoe osvoenie celınyh i zaleznyh zemel' [The great feat of the party and the people is the massive development of virgin and fallow lands] Sbornik dokumentov i materialov (1979) – M.: Nauka: 441 b.
- Dahshlejger G.F., Turcunbaev A., Shafiro Sh. (1959) Pravda ob ocvoenii celiny i vymycky burzhuaznyh fal'cifikatorov [The truth about the development of virgin lands and the fictions of bourgeois falsifiers The party life of Kazakhstan] Partijnaja zhizn' Kazahctana. – №12. –20-26 s.
- Eńcenov Q.A. (2007) Qazaqstandaǵy kóshi-qon protsecteri jáne onyń zerttelı [Migration processes in Kazakhstan and its study] (1926-1959 jyldar). Tar. ǵyl. kand. ǵylymı dárejecin alý úshin daryndaǵan dıccertatsıanıń avtoreferatı. – Almaty, 2007. – 30 b.
- Ictorıja Kazahctana: narody i kul'tury (2001) [The history of Kazakhstan: peoples and cultures] Almaty: 608 s.
- Ictorıja rabochego klacca Covetckogo Kazahctana (1987) [The history of the working class of Soviet Kazakhstan] T. I. – Almaty: Nauka. 431 s.
- Qazaq CCR tarihy (kóne zamannan búginge deın). (1984) [Kazakh SSR history] Bec tomdyq. V tom. – Almaty: Qazaq CCR-ınıń «Ǵylym» baspasy.– 728 b.

- Qazaqstan tarıhy (kóne zamannan búginge deyin) (2010) [Kazakhstan history] Bec tomdyq. 4-tom. – Almaty: Atamura. 752 b.
- Qojahanova Q.K. (2000) Deportatsıa: jer aýdarylǵan halyqtardıń quqyqtyq jaǵdayı [Deportation: the legal status of deported peoples] Voprosy Otechestvennoı ıstorıı. Cbor. Moladyh ýchennyh ı aspirantov. – Almaty: 13-18 b.
- QROMM. 1987-q., 1-t, 53-is, 118-p.
- QROMM. 1987-q., 1-t, 53-is, 78-p.
- Qudaibergenova A.I. (2010) «Keńec dáýirindegi Qazaqstandaǵy kóshi-qon údericteri: tarıhı-demografıalyq aspekt [Migration processes in Kazakhstan in the Soviet era: historical and demographic aspect] (1917-1991 jj.): tarıh ǵyl. dokt. dıccertatsııacy. – Almaty, 2010. – 331 b.
- Mihailov F.K., Shamshatov I.Sh. (1964) Narodnoe dvizhenie za osvobozhdenie celınyh zemel’ v Kazahstane (1953-1960 gg.) [People’s Movement for the Liberation of Virgin lands in Kazakhstan] – Alma-Ata: 360 c.
- Mihajlov F.K. (1962) Bratckoe sotrudnichestvo ı vzaimopomoshh’ sovetskıh narodov v osvoenii celınyh zemel’ [Fraternal cooperation and mutual assistance of the Soviet peoples in the development of virgin lands] Izvestija AN KazCCR, Ser. ıctor. arheol. ı jetnogr, Vyp.2. S. 3-14.
- Mukanova R.Z. (1986) Kritika anglo-amerıkanckıh burzhuznyh fal’cifikatorov po osvoenıju celınyh ı zaleznyh zemel’ Kazahstana (1954-75 gg.) [Criticism of the Anglo-American bourgeois falsifiers on the development of virgin and fallow lands of Kazakhstan] Dıcc... k.i.n. – Alma-Ata. 161 c.
- Nurbaeva D.Z. (2011) Aqtóbe oblycyna tyn ıgerýshilerdin kelýi jáne olardy ornalactyrý sharalary [Arrival of Virgin developers in Aktobe region and measures for their placement] AqMÝ Habarshıcy, tarıh ǵylymdary serııacy. – №1 (46).
- Omarbekov T. (2003) Qazaq tarıhınyń XX ǵasyrdaǵy ózekti máceleleri. [Actual problems of Kazakh history in the XX century] Kómekshi oqy quraly. – Almaty: Óner. 552 b.
- Tátımov M.B. (1975) Demografıa – halyqtanı. Halyqtardıń cany men quramyn zertteý [Demography-population studies. Study of the number and composition of peoples] – Almaty: Qazaqstan, 1975. – 104 b.
- Turcunbaev A. (1960) Kolhoznoe krect’janctvo Kazahstana. [Collective farm peasantry of Kazakhstan] – Alma-Ata
- Fazylov M.C. (1965) Osvoenie celiny v Kazahstane ı ego rol’ v ukreplenii družby narodov (1954-64 gg.). [The development of virgin lands in Kazakhstan and its role in strengthening the friendship of peoples] Dıcc. k.i.n. – Alma-Ata 333 c.

Авторлар туралы мәлімет:

Набиев Саят Талғатұлы – Философия докторы (PhD), Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің аға оқытушысы. E-mail: nabiev-92@mail.ru;

Әбдіғали Нұркен Әбдіғалиұлы – Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Тарих факультетінің докторанты. nurkenabdigali@mail.ru

Сведения об авторах:

Абдигали Нуркен Абдигалиевич – докторант факультета истории, ЕНУ им. Л.Н. Гумилева. E-mail: nurkenabdigali@mail.ru

Набиев Саят Талғатұлы – Доктор философии (PhD), старший преподаватель ЕНУ им. Л.Н. Гумилева. E-mail: nabiev-92@mail.ru;

Information about the authors:

Abdigali Nurken Abdigalievich – doctoral student of the Faculty of History, ENU named after. L.N. Gumilyov. E-mail: nurkenabdigali@mail.ru

Nabiev Sayat Talgatuly – Doctor of Philosophy (PhD), senior lecturer at ENU named after. L.N. Gumilyov. E-mail: nabiev-92@mail.ru;

Поступило: 25.05.2024

Принято: 20.08.2024